Н. БББ 8.3/8.1-2025-13-01

АҚ «Қ.Құлажанов атындағы қазақ технология және бизнес университеті»

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

6B07254 Мұнай-газ ісі
Дәрежесі: *бакалавриат*

«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
Кеңестер кеңесімен
бекітілген
«27» 02 2026 ж. хаттама № 4

«Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ
Ғылыми кеңесімен
ұсынылған
«27» 02 2026 ж. хаттама № 7

Астана-2026

© «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ зияткерлік меншігі болып табылады
Қайта басып шығаруға және / немесе одан әрі үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	
Келісу парағы	3
1 Білім беру бағдарламасының паспорты	4
2 Білім беру бағдарламасы түлегінің біліктілік сипаттамасы	5
3 Білім беру бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар	5
4 Қосымша білім беру бағдарламалары (minor)	6
5 Білім беру бағдарламасының құзыреттілік картасы	6
6 Білім беру бағдарламасы мен модульдердің оқыту нәтижелері	6
7 Білім беру бағдарламасы бойынша қалыптастырылатын оқыту нәтижелері мен оқу пәндерінің өзара байланысы	9
8 Модуль шеңберінде оқытудың жоспарланған нәтижелерін бағалау технологияларымен және оқыту әдістерімен үйлестіру	19
9 Кәсіби стандарттардың еңбек функцияларына білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелерін сәйкестендіру	39
10 Түлектер моделі	41
11 Типтік оқу жоспары (ББББ-ға қосымша)	44
12 Сараптамалық қорытынды	

«6В07254 Мұнай-газ ісі» білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2-бұйрығымен бекітілген Жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес, сондай-ақ «Мұнай мен газ өндіру өндірісін басқару» (27.12.2024 ж. № 494), «Магистральдық құбырларды пайдалану» (23.12.2024 ж. № 479), «Мұнай-газ ұңғымаларын пайдалану» (27.12.2024 ж. № 494), «Мұнай тасымалдауды басқару» (06.12.2024 ж. № 479) кәсіби стандарттары, сонымен қатар, білім беру бағдарламасы Career Enbek жүйесінің кәсіптік стандарттары, салалық Атлас және «Жабдықтарды жаңғырту жөніндегі супервайзер», «Цифрландыру жөніндегі сервистік инженер-мұнайшы (Big Data архитекторы)», «Экологиялық таза технологияларды қолдана отырып бұрғылау инженері» өңірлік атласының негізінде әзірленген.

«6В07254 Мұнай-газ ісі» білім беру бағдарламасы 2026 жылғы «22» 01
Академиялық сапа жөніндегі кеңес мәжілісінде мақұлданған, хаттама № 3
Төраға Аскарбеков Э.Б. _____

«6В07254 Мұнай-газ ісі» білім беру бағдарламасы 2025 жылғы «21» 12 «Инжиниринг және ақпараттық технологиялар» факультеттің Академиялық сапа жөніндегі комиссиясының мәжілісінде келісілген, хаттама № 3/1
Төраға Б.А.Серимбетов _____

«6В07254 Мұнай-газ ісі» білім беру бағдарламасы 2025 жылғы «27» 11 «Химия, химиялық технология және экология» кафедрасының мәжілісінде әзірленген және талқыланған, хаттама № 4
Кафедра меңгерушісі Нұртай Ж.Т. _____

Келісу парағы

Білім беру бағдарламасы «6В07254 Мұнай-газ ісі»

МАҚҰЛДАНДЫ:

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Э. Аскарбеков	"22" 01 2026ж.
ББББ басқармасының басшысы	МО	Б. Баядилова	"22" 01 2026ж.
«Astana Gas Service» ЖШС	МО	К.Баграмова	"27" 11 2025 ж.
«Химия, көмір және технология институты» ЖШС	МО	Б.Ермағамбет	"27" 11 2025 ж.
«Энергия үнемдейтін технологиялар» ғылыми-өндірістік бірлестігі» ЖШС	МО	Е.Жатканбаев	"27" 11 2025 ж.
«KazGeoMap» ЖШС Директор	МО	А.Б.Рахметолла	"27" 11 2025 ж.
«Petrum» ЖШС Директоры	МО	Р.Ромазанов	"27" 11 2025 ж.
НГД-241 тобының білім алушысы		Д.Таспанбетов	"27" 11 2025 ж.

1 Білім беру бағдарламасының паспорты

Халықаралық білім берудің стандартты жіктемесі (ББХСК) бойынша деңгейі	6
Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ)бойынша деңгейі	6
Салалық біліктілік шеңбері (СБШ) бойынша деңгейі	6
Білім беру саласының коды және атауы	6В07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары
Дайындау бағыты	6В072 Өндіріс және өңдеу салалары
Білім беру бағдарламасы тобының нөмірі және атауы тобы	В271 Мұнай-газ ісі
ББББ коды және атауы	6В07254 Мұнай-газ ісі (бакалавр)
ББББ бейіні	жоғары инженерлік білім
ББББ мақсаты	Мұнай мен газды өндірудің, тасымалдаудың, сатудың, жүзеге асырудың үздіксіз технологиялық процесімен байланысты мәселелерді шешуге қабілетті мұнай-газ саласының еңбек нарығы үшін бәсекеге қабілетті техникалық мамандар буынын даярлау
ББББ аяқтау өлшемі	240 академиялық кредиттер
ББББ оқу тілі	Қазақ, орыс
ББББ айрықша ерекшелігі	-
Серіктес ЖОО	-

2 Білім беру бағдарламасын бітірушінің біліктілік сипаттамасы

Берілетін дәреже	«6В07254 Мұнай-газ ісі (бакалавр)» білім беру бағдарламасы бойынша техника және технология бакалавры
Кәсіби қызмет саласы	Кәсіби қызметтің келесі түрлерін орындай алады: - жобалық; - өндірістік-технологиялық; - ұйымдық-басқарушылық; - ғылыми-зерттеу.
Кәсіби қызмет түрлері	06 Шикі мұнай және табиғи газ өндіру; 09.1 Мұнай және табиғи газ өндіру саласындағы техникалық қызметтер; 35.22 Газ тәріздес отынды құбырларға бөлу; 42.21 Тарату инженерлік объектілерінің құрылысы; 49.5 Құбыр арқылы тасымалдау; 71.12 Инженерлік ізденістер саласындағы қызмет және осы салада техникалық консультациялар беру
Кәсіби қызмет нысаны	Түлектердің кәсіби қызметінің объектілері: мұнай-газ кешені кәсіпорындары; мұнай ұңғымаларын бұрғылауға арналған техникалық құрылғылар мен құралдар; құрлықтағы және теңіздегі мұнай, газ және газ конденсаты кен орындары болып табылады
Кәсіби қызмет міндеттері	Кәсіби қызметтің негізгі функциялары: ұңғымаларды бұрғылау, ұңғыма оқпанын бекіту және цементтеу, ұңғымаларды игеру, бұрғылау жабдықтарын пайдалану, мұнай мен газ өндіруге арналған жабдықтарды пайдалану, ұңғымалар мен қабаттарды зерттеу, кәсіпшілік даярлау жабдықтарын пайдалану, мұнай мен газды тасымалдау және сақтау.

3 Білім беру бағдарламасының мазмұнына қойылатын талаптар

Цикл және пән атаулары	Академиялық кредиттердегі еңбек сыйымдылығы
Жалпы білім беру пәндері циклы (ЖБП)	**56**
Міндетті компонент	51
Жоғары оқу орны компоненті	5
Базалық пәндер циклы (БП)	**84**
Жоғары оқу орны компоненті	25
Таңдау компоненті	59
Бейіндеуші пәндер циклы (БеП)	**92**
Жоғары оқу орны компоненті	15
Таңдау компоненті	60
Кәсіптік практика	17
Қорытынды аттестаттау	**8**
Барлығы	**240**

4 Қосымша білім беру бағдарламалары (minor)

4.1 Minor ББББ «Жасанды интеллектті қолданудың заманауи аспектілері»

Пәндердің атауы	Академиялық кредиттердегі еңбек сыйымдылығы
Жасанды интеллектке кіріспе	5
Жасанды нейрондық желілерді әзірлеу	5
Объектілерді басқарудағы жасанды интеллект	5
Барлығы	15

5 Білім беру бағдарламасының құзыреттілік картасы «6В07254 Мұнай-газ ісі (бакалавр)»

Құзыреттілік түрі	Оқыту нәтижесінің коды	Оқыту нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	ЖББК$_1$	Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік позициясы салауатты өмір салтына бағдарланып, болашақ маманның жеке басының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттіліктер жүйесін қалыптастырады.
	ЖББК$_2$	Тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас мәселелерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай алады
	ОН$_1$	Тұрақты даму, экология және тіршілік қауіпсіздігі қағидаттарын ескере отырып, экономика, құқық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, сондай-ақ кәсіпкерлік және кәсіби қызметтегі қаржылық сауаттылық дағдылары саласындағы құзыреттерді қалыптастырады
Сандық құзыреттіліктер (Digital skills)	ЖББК$_2$	Қызметтің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді

	$ОН_2$	Өндіруден бастап соңғы тұтынушыға дейінгі барлық кезеңдерде өнім құрамының физика-химиялық өзгерістерін және кәсіпшілік жабдықтарының жұмыс параметрлерін модельдейді
Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills)	$ОН_3$	Заманауи жоғары ақпараттық жабдықты қолдана отырып физикохимиялық көп факторлы эксперимент жүргізеді, ғылыми жаңалығы бар сенімді және қайталанатын деректерді алады, әртүрлі агрегаттық күйдегі заттың құрылымы, термодинамика, гидростатика, кинематика, гидродинамика және газ динамикасы, құбыр ыдыстарын есептеу, сондай-ақ бұрғылау жабдықтары туралы ілім саласындағы жаңа түсініктер мен жетістіктер тұрғысынан ғылыми нәтижелерді талдайды
	$ОН_4$	Мұнай-газ өндірісінің технологиялық процестерін жобалаумен байланысты саланың өндірістік-технологиялық, ғылыми-зерттеу, жобалау және пайдалану міндеттерін шешеді
	$ОН_5$	Материалтану саласындағы кәсіби терминологияны және құрылымдық материалдар технологиясын пайдалана отырып, әртүрлі мақсаттағы техникалық сызбаларды, бөлшектердің эскиздерін, өндірістің конструкторлық және техникалық құжаттамасын құрастыруды орындайды; металдар мен қорытпаларға микроқұрылымдық талдау жүргізеді
	$ОН_6$	Мұнай, газ, газ конденсатын өндіруді жобалау және мұнай-газ кешені объектілеріне қызмет көрсету міндеттерін шешу, есептеу үшін қажетті деректерді іріктеу, орындалған есептің дұрыстығын бағалау үшін қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету дағдыларын меңгерген
	$ОН_7$	Экологиялық қауіпсіз бұрғылауды енгізе және қабаттардың мұнай беруін арттыру технологияларын қолдана отырып, көмірсутек шикізатын өндіру тиімділігін арттыруға бағытталған іс-шараларды әзірлейді
	$ОН_8$	Ұңғымаларды әзірлеуді, бұрғылауды, күрделі жөндеуді және пайдалануды, мұнай мен газ өндіруді, көмірсутектерді алуды кәсіпшілік бақылауды және реттеуді, мұнай мен газды құбыр арқылы тасымалдауды, газды жерасты сақтауды, мұнайды, мұнай өнімдерін, сұйытылған газдарды сақтауды және өткізуді жүзеге асыратын бастапқы өндірістік бөлімшелердің жұмысын ұйымдастырады
	$ОН_9$	Кен орнының геологиялық ерекшеліктері мен техникалық жағдайларын ескере отырып, геологиялық-кәсіпшілік зерттеу әдістерін және қабаттардың мұнай беруін арттыру тәсілдерін іріктеуді, өндірістік процестерді математикалық модельдеу негізінде мұнай мен газды тасымалдауды оңтайландыруды, мұнай-газ химиясы жабдықтары мен аппараттарының технологиялық есептеулерін жүргізеді
	$ОН_{10}$	Мұнай-газ химиясы өнімдерінің түрлері мен көлемдерінің сапалық және сандық құрамын, мұнай-газ өнімдерінің сапасын бақылау әдістері мен тәсілдерін айқындайды
	$ОН_{11}$	Мұнай-газ саласындағы объектілерді басқару, тиімділікті арттыру және тәуекелдерді азайту үшін жұмыстарды жасау мен оңтайландыруды қамтитын практикалық міндеттерді шешуде жасанды интеллектті қолданады

6 Білім беру бағдарламасы мен модульдердің оқу нәтижелері

Маңызды құзіреттіліктер	Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелері (ОН)	Модуль атауы	Модуль ОН	Оқыту нәтижелерін қалыптастыратын пәндердің атауы
Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер (Softskills)	$ОН_{ЖББК1}$ Дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік позициясы салауатты өмір салтына бағдарланып, болашақ маманның жеке басының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін жалпы құзыреттіліктер жүйесін қалыптастырады	Өзін-өзі тәрбиелеу және жеке тұлғаны дамыту	Қазақстан тарихының, философияның, әлеуметтік-саяси білімдердің негізгі заңдылықтарын өзгермелі әлеуметтік-мәдени жағдайларда тиімді әлеуметтендіру және бейімделу үшін қолданады, қазіргі заманда ұтқырлыққа, сыни ойлауға және физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастырады	Қазақстан тарихы, Философия, Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология) Дене шынықтыру
	$ОН_{ЖББК2}$ Тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынас мәселелерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасай алады	Ақпаратты- коммуникациялық	Қазақ, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасай алады	Шет тілі Қазақ/ орыс тілі
	$ОН_{1}$ Тұрақты даму, экология және тіршілік қауіпсіздігі қағидаттарын зескере отырып, экономика, құқық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, сондай-ақ кәсіпкерлік және кәсіби қызметтегі қаржылық сауаттылық дағдылары саласындағы құзыреттерді қалыптастырады	Өзін-өзі тәрбиелеу және жеке тұлғаны дамыту Техникалық инженерия негіздері	Құқықтық жүйе саласындағы білімді және кәсіби қызмет саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет туралы білімді пайдаланады, сондай-ақ жүйенің экономикалық жағдайын, еңбекті қорғау шараларын және қоршаған ортаға әсерін бағалайды. Жеке қаржыны басқару, бюджеттеу және инвестициялау дағдыларын меңгереді, мұнай мен газ өндірудің экологиялық салдарын, қоршаған ортаны қорғау әдістерін және орнықты даму қағидаттарын түсінеді.	Экономика, кәсіпкерлік, құқық және қаржылық сауаттылық модулі (экономика және кәсіпкерліктің негіздері, құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, қаржылық сауаттылық негіздері) Тұрақты даму, экология және тіршілік қауіпсіздігі Мұнай және газ объектілерін өндіру технологиясының қауіпсіздігі
Сандық құзыреттіліктер (Digital skills)	$ОН_{ЖББК3}$ Қызметтің барлық салаларында заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді	Ақпаратты- коммуникациялық	Ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату үшін ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың әртүрлі түрлерін меңгереді	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills)	ОН$_2$ Өндіруден бастап соңғы тұтынушыға дейінгі барлық кезеңдерде өнім құрамының физика-химиялық өзгерістерін және кәсіпшілік жабдықтарының жұмыс параметрлерін модельдейді	Базалық техникалық модуль Мұнай-газ өндіру негіздері Жаратылыстану-ғылыми Техникалық инженерия негіздері Құрлықта және теңізде мұнай мен газды өндіру, өңдеу және тасымалдау Мұнай-газ кәсіпшіліктерінің жабдықтарын жобалау және техникалық қызмет көрсету Мұнай-газ саласын ұйымдастыру және мұнай-газ өніміне қойылатын талаптар	Мұнай-газ өндірісінің негізгі технологияларын; материалдардың қарсылasу әдістерін қолдана отырып, практикалық мәселелерді шешу әдістерін; стандарттар мен техникалық шарттарды; мұнай-газ өндірісінің механизмдері мен машиналарының теориясын модельдейді. Механизмдер мен машиналарды статикалық, кинематикалық және динамикалық есептеу әдістерін қолданады; тиісті есептеулерде мұнай мен газдың құрамы мен қасиеттері туралы білімді қолданады; кен орындарын игеруді оңтайландыру үшін модельдеу әдістері мен технологияларын зерттейді, жобалық құжаттаманы құру және басқару үшін CAD жүйелерін қолдану принциптерін меңгереді.	Мұнай мен газды өңдеу процестерін математикалық модельдеу Қабаттардың мұнай-газ бергіштігін арттыру әдістері Мұнай кәсіпшілігінің геологиясы Мұнай-газ өндіру технологиясының негіздері Мұнай және газ қабатының физикасы Кәсіпшілік геофизика Мұнай кәсіпшілік жабдығы Ұңғыма өнімдерін жинау және дайындау Мұнай және газ кен орындарын компьютерлік модельдеу Автоматтандырылған жобалау жүйесінің негіздері Ұңғымаларды бұрғылау режимдерін жобалаудың ғылыми негіздері
Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills)	ОН$_3$ Заманауи жоғары ақпараттық жабдықты қолдана отырып физикохимиялық көп факторлы эксперимент жүргізеді, ғылыми жаңалығы бар сенімді және қайталанатын деректерді алады, әртүрлі агрегаттық күйдегі заттың құрылымы, термодинамика, гидростатика,	Жаратылыстану-ғылыми Базалық техникалық модуль Мұнай-газ өндіру	Механика заңдарын және олардың қозғалыстарды талдауда қолданылуын зерттейді; мұнай-газ жүйелеріндегі гидравликалық процестердің принциптерін және көмірсутектерді өндіруді арттыруға ықпал ететін технологияларды меңгереді; кен орындарын игеруде қолданылатын заманауи әдістер мен процестерді біледі; кен орындарын бағалау үшін геофизикалық деректерді алу	Мұнай және газ қабатының физикасы Бұрғылау жабдықтары Гидравлика және мұнай-газ гидромеханикасы Теориялық механика Электр және жылу техникасы Бұрғылау ерітінділері және оларды дайындау әдістері

	кинематика, гидродинамика және газ динамикасы, құбыр ыдыстарын есептеу, сондай-ақ бұрғылау жабдықтары туралы ілім саласындағы жаңа түсініктер мен жетістіктер тұрғысынан ғылыми нәтижелерді талдайды	негіздері Техникалық инженерия негіздері Мұнай-газ кәсіпшіліктерінің жабдықтарын жобалау және техникалық қызмет көрсету Құрлықта және теңізде мұнай мен газды өндіру, өңдеу және тасымалдау	және түсіндіру әдістерін біледі, көмірсутектерді тиімді алу технологиялары мен стратегияларын меңгереді, геологиялық жағдайлар мен осы ресурстардың қалыптасуы мен пайдаланылуына әсер ететін сипаттамалар. Сорғы және компрессорлық жүйелердің жұмыс істеу және жобалау принциптерін біледі, көмірсутектерді тасымалдауға арналған құбыр жүйелерін құру және қызмет көрсету технологияларын қамтиды.	Мұнай-газ өндіру технологиясының негіздері Ұңғымаларды геофизикалық зерттеу Магистральдық құбырлар Мұнай және газ құбырлары мен қоймаларына арналған сорғы-компрессорлық станциялары Электротехниканың теориялық негіздері
	OH_4 Мұнай-газ өндірісінің технологиялық процестерін жобалаумен байланысты саланың өндірістік-технологиялық, ғылыми-зерттеу, жобалау және пайдалану міндеттерін шешеді	Базалық техникалық модуль Мұнай-газ өндіру негіздері Құрлықта және теңізде мұнай мен газды өндіру, өңдеу және тасымалдау Мұнай-газ кәсіпшіліктерінің жабдықтарын жобалау және техникалық қызмет көрсету Мұнай-газ саласын ұйымдастыру және мұнай-газ өніміне	Гидростатика, кинематика, гидродинамика және газ динамикасының негізгі түсініктері мен анықтамаларын көрсетеді; тыныштықтағы сұйықтықтағы қысымның таралу заңы және қысымды өлшеу құралдары. Ұңғыманың тілігін литологиялық бөлуді жүргізеді; тау жынысы-коллекторлар бөлінісінде бөліп алу; коллекторлардың қанығу сипатын анықтау (су, мұнай, газ қанықтылығы); көлемдік әдіспен қорларды есептеу үшін коллекторлардың параметрлерін сандық бағалау. Кен орындарын игеруді оңтайландыру үшін модельдерді құру және талдау әдістерін игереді, көмірсутектерді сақтау мен таратудың тиімді жүйелерін жобалауды біледі, ұңғымалардың жұмысын қалпына келтіру технологиялары туралы білім береді; технологиялық процестер мен жабдықтар туралы білімді игереді, көмірсутектерді	Мұнай-газ саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысының негіздері Теориялық механика Өндірістік практика 1 Мұнай-газ саласы негіздері Мұнай мен газды жинау және көлікке дайындау Күрделі жағдайларда ұңғымаларды пайдалану/ Бұрғылау жабдығын коррозиядан қорғау Мұнай-газ қоймалары мен мұнай-газ тарату желілерін жобалау және пайдалану Мұнай базалары мен мұнай өнімдерінің қоймаларын жобалау Мұнай базалары мен мұнай өнімдерінің қоймаларын жобалау

		қойылатын талаптар		Мұнай-газ химиясының процестері мен аппараттары
Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills)	ОН$_5$ Материалтану саласын-дағы кәсіби терминология-ны және құрылымдық материалдар технологиясын пайдалана отырып, әртүрлі мақсаттағы техникалық сызбаларды, бөлшектердің эскиздерін, өндірістің конструкторлық және техникалық құжаттамасын құрастыруды орындайды; металдар мен қорытпаларға микроқұрылымдық талдау жүргізеді	Жаратылыстану-ғылыми Техникалық инженерия негіздері Мұнай-газ кәсіпшіліктерінің жабдықтарын жобалау және техникалық қызмет көрсету	Өнімді дайындау үшін әртүрлі заманауи материалдарды қолдану салаларын, олардың құрамын, құрылымын, қасиеттерін, термиялық және химиялық-термиялық өңдеу тәсілдерін біледі; материалтану және құрылымдық материалдар технологиясы саласындағы кәсіби терминологияны пайдалану; металдар мен қорытпаларға микроқұрылымдық талдау жүргізу; өнімнің сенімділігін қамтамасыз ететін берілген құрылымдар мен механикалық қасиеттерді алу үшін тиісті өңдеуді тағайындау	Инженерлік графика Сызба геометриясы Материалтану және құрылымдық материалдар технологиясы Мұнай-газ жабдықтарын коррозиядан қорғау
	ОН$_6$ Мұнай, газ, газ конденсатын өндіруді жобалау және мұнай-газ кешені объектілеріне қызмет көрсету міндеттерін шешу, есептеу үшін қажетті деректерді іріктеу, орындалған есептің дұрыстығын бағалау үшін қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету дағдыларын меңгерген	Базалық техникалық модуль Мұнай-газ саласын ұйымдастыру және мұнай-газ өніміне қойылатын талаптар Құрлықта және теңізде мұнай мен газды өндіру, өңдеу және тасымалдау Техникалық инженерия негіздері	Сараптамалық жүйелердің жұмыс принциптерін, олардың мүмкіндіктерін, жобалау және модельдеу принциптерін, модельді құру және есептеу принциптерін реттейді; өндіріс жұмысын ұйымдастыру, өндірістік процестерді жоспарлау және өндірістік ресурстарды басқару дағдыларын игереді; тапсырманы тұжырымдайды, есептеу үшін қажетті деректерді таңдайды, оларды есептеу үшін қажетті түрде ұсынады, орындалған есептеудің дұрыстығын бағалайды	Газбен жабдықтау және газ тарату жүйелерін жобалау Мұнай-газ саласындағы өндірісті ұйымдастыру, жоспарлау және басқару Қайраң кен орындарын игеру Өндірістік практика 2 Мұнай-газ химиясы жабдықтары мен аппараттарының технологиялық есептеулері
	ОН$_7$ Экологиялық қауіпсіз бұрғылауды енгізе және қабаттардың мұнай беруін арттыру технологияларын қолдана отырып, көмірсутек шикізатын өндіру тиімділігін арттыруға бағытталған іс-	Базалық техникалық модуль Техникалық инженерия негіздері	Мұнай-газ саласын өндірудегі экологиялық аспектілерді ескереді және тұрақты дамуға ұмтылады; технологиялық процестер мен жабдықтардың қауіпсіздігін жобалайды. Еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік және өнеркәсіптік қауіпсіздік қағидалары мен нормаларын сақтай отырып, авариялардың	Мұнай өндіру технологиясы және техникасы Ұңғымаларды бұрғылау Материалтану және құрылымдық материалдар технологиясы Мұнай және газ өндіру технологиясының

	шараларды әзірлейді	Құрлықта және теңізде мұнай мен газды өндіру, өңдеу және тасымалдау Мұнай-газ кәсіпшіліктерінің жабдықтарын жобалау және техникалық қызмет көрсету	алдын алу және олардың салдарын жою жөніндегі іс-шараларды әзірлейді.	қауіпсіздігі Мұнай-газды өңдеу технологиясы Бұрғылау жабдығын коррозиядан қорғау
	ОН$_8$ Ұңғымаларды әзірлеуді, бұрғылауды, күрделі жөндеуді және пайдалануды, мұнай мен газ өндіруді, көмірсутектерді алуды кәсіпшілік бақылауды және реттеуді, мұнай мен газды құбыр арқылы тасымалдауды, газды жерасты сақтауды, мұнайды, мұнай өнімдерін, сұйытылған газдарды сақтауды және өткізуді жүзеге асыратын бастапқы өндірістік бөлімшелердің жұмысын ұйымдастырады	Жаратылыстану-ғылыми Мұнай-газ өндіру негіздері Техникалық инженерия негіздері Базалық техникалық модуль Құрлықта және теңізде мұнай мен газды өндіру, өңдеу және тасымалдау Мұнай-газ кәсіпшіліктерінің	Бұрғылау ерітінділерін дайындаудың негізгі принциптері мен әдістерін меңгереді, олардың қасиеттерін және бұрғылау жұмыстарында қолданылуын зерттейді; ұңғыма өнімдерін жинау мен дайындаудың негізгі әдістерін, технологиясын меңгеру; өндіріс процесіндегі «тартеректерді» анықтау және жою; бұрғылау жабдығының, ұңғымаларды пайдалануға және күрделі жөндеуге, құбыр жүйелерін төсеуге және жөндеуге, мұнайды, газды және суды жинауға, дайындауға және тасымалдауға арналған жабдықтардың жұмыс принциптерін пайдалану. Олар бұрғылау ерітінділерін дайындаудың негізгі принциптері мен әдістеріне ие, олардың қасиеттері мен бұрғылау жұмыстарында қолданылуын, теңіз кен орындарын игеру ерекшеліктерін зерттейді. Ұңғымаларды күрделі жөндеуді, шығындарды оңтайландыруды және ұңғыманың тиімділігін арттыруды біледі; магистральдық құбырларды жобалаудың, салудың және пайдаланудың негізгі принциптерін; сорғылар мен компрессорлардың технологиялары мен жұмыс әдістерін, мұнай өнімдерін сақтау және тасымалдау технологияларын меңгеру, станциялармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шараларын, мұнай өнімдерін сақтау	Мұнай-газ саласы негіздері Жалпы геология және гидрогеология Бұрғылау ерітінділері және оларды дайындау әдістері Ұңғымаларды бұрғылау Газ құбырлары объектілеріне диагностикалық қызмет көрсету Кәсіпшілік геофизика Мұнай және газ кен орындарын игеру Мұнай қоймаларын және газ қоймаларын пайдалану Бұрғылау жабдықтары Тақта газын өндіру технологиясы Мұнай өндіру технологиясы және техникасы Мұнай мен газды жинау және көлікке дайындау Ұңғыма өнімдерін жинау және дайындау Қайраң кен орындарын игеру Күрделі жағдайларда ұңғымаларды пайдалану Ұңғымаларды күрделі жөндеу Магистральдық құбырлар Мұнай және газ құбырлары мен қоймаларына

		жабдықтарын жобалау және техникалық қызмет көрсету Мұнай-газ саласын ұйымдастыру және мұнай-газ өніміне қойылатын талаптар	және тасымалдау кезіндегі стандарттар мен қауіпсіздік талаптарын оқу.	арналған сорғы-компрессорлық станциялары Мұнай базалары мен мұнай қоймалары Мұнай-газ қоймалары мен мұнай-газ тарату желілерін жобалау және пайдалану Мұнай базалары мен мұнай өнімдерінің қоймаларын жобалау Құбырмен тасымалдау жүйелерінің объектілерін салу және жөндеу Ұңғымаларды бұрғылау режимдерін жобалаудың ғылыми негіздері/ Мұнай базалары мен жанармай құю станциялары Мұнай-газ саласындағы өндірісті ұйымдастыру, жоспарлау және басқару Бұрғылау жабдықтарын есептеу және жобалау
	ОН$_9$ Кен орнының геологиялық ерекшеліктері мен техникалық жағдайларын ескере отырып, геологиялық-кәсіпшілік зерттеу әдістерін және қабаттардың мұнай беруін арттыру тәсілдерін іріктеуді, өндірістік процестерді математикалық модельдеу негізінде мұнай мен газды тасымалдауды оңтайландыруды, мұнай-газ химиясы жабдықтары мен аппараттарының технологиялық есептеулерін жүргізеді	Базалық техникалық модуль Мұнай-газ өндіру негіздері Техникалық инженерия негіздері Құрлықта және теңізде мұнай мен газды өндіру, өңдеу және тасымалдау Мұнай-газ кәсіпшіліктерінің жабдықтарын жобалау және техникалық қызмет көрсету	Сараптамалық жүйелердің жұмыс принциптерін, олардың мүмкіндіктерін, жобалау және модельдеу принциптерін, модельді құру және есептеу принциптерін реттейді; мұнай мен газ өндіруді ұлғайту әдістерін, сондай-ақ кен орындарының әртүрлі түрлерінде өндіруді оңтайландырудың заманауи технологияларын таңдайды. Геологиялық және гидрогеологиялық процестердің негіздерін, сондай-ақ қайраңда өндірудің ерекшеліктерін түсінеді, оңтайлы кен орындарын таңдау және ұңғымаларды орналастыру үшін білімді қолданады. Бұрғылау қондырғылары мен құралдарын есептейді, өнімді жинау, тазарту және тасымалдауға дайындау процестерін ұйымдастырады	Мұнай мен газды өңдеу процестерін математикалық модельдеу Мұнай-газ кен орындарының геологиясы Жалпы геология және гидрогеология Қабаттардың мұнай-газ шығынын арттыру әдістері Мұнай кәсіпшілігінің геологиясы Ұңғымаларды геофизикалық зерттеу Мұнай-газ химиясы жабдықтары мен аппараттарының технологиялық есептеулері Мұнай-газды өңдеу технологиясы Мұнай және газ кен орындарын компьютерлік модельдеу Құбырмен тасымалдау жүйелерінің объектілерін салу және жөндеу

		Мұнай-газ саласын ұйымдастыру және мұнай-газ өніміне қойылатын талаптар		Бұрғылау жабдықтарын есептеу және жобалау Диплом алдындағы практика/ Өндірістік практика
	$ОН_{10}$ Мұнай-газ химиясы өнімдерінің түрлері мен көлемдерінің сапалық және сандық құрамын, мұнай-газ өнімдерінің сапасын бақылау әдістері мен тәсілдерін айқындайды	Жаратылыстану-ғылыми Мұнай-газ саласын ұйымдастыру және мұнай-газ өніміне қойылатын талаптар	Көмірсутекті шикізат материалдарының құрамы мен химиялық қасиеттерін түсіну, өндірістік процестерді оңтайландыру үшін мұнай-газ өнеркәсібіндегі химиялық процестерді пайдаланады, құнды өнімдерді алу үшін шикізатты өңдеу әдістері мен процестерін, сондай-ақ олардың мұнай-газ химиясы саласындағы қазіргі заманғы сапа стандарттары мен нарық талаптарына сәйкестігін зерттейді	Мұнай және газ химиясы Мұнай-газ химиясы өнімдеріне қойылатын заманауи талаптар
	$ОН_{11}$ Мұнай-газ саласындағы объектілерді басқару, тиімділікті арттыру және тәуекелдерді азайту үшін жұмыстарды жасау мен оңтайландыруды қамтитын практикалық міндеттерді шешуде жасанды интеллектті қолданады	Базалық техникалық модуль Техникалық инженерия негіздері Құрлықта және теңізде мұнай мен газды өндіру, өңдеу және тасымалдау Мұнай-газ кәсіпшіліктерінің жабдықтарын жобалау және техникалық қызмет көрсету	Жасанды интеллекттің принциптері мен әдістері, оның әртүрлі салаларда қолданылуы туралы негізгі білім алады; жіктеу, регрессия және басқа да күрделі мәселелерді шешу үшін нейрондық желілерді жобалау, оқыту және қолдану әдістерін меңгереді; деректерді өңдеу және нақты уақыттағы шешім қабылдауды қоса алғанда, әртүрлі техникалық және өндірістік жүйелерді басқаруды автоматтандыру мен оңтайландыруда AI қолдану тәсілдерін зерттейді	Жасанды интеллектке кіріспе Жасанды нейрондық желілерді әзірлеу Нысандарды басқарудағы жасанды интеллект Автоматтандырылған жобалау жүйесінің негіздері/

7 Білім беру бағдарламасы бойынша қалыптастырылатын оқыту нәтижелері мен оқу пәндерінің өзара байланысы

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кредит тер саны	Қалыптастырылатын оқу нәтижелері (кодтар)												
				$ОН_{ЖББК1}$	$ОН_{ЖББК2}$	$ОН_{ЖББК3}$	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10	ОН11
Жалпы білім беретін пәндер циклі																	

Міндетті компонент																		
1	Шетел тілі	Пәннің негізгі мақсаты шеттілдік білім беру үдерісінде студенттердің мәдениетаралық-коммуникативтік құзіреттерін жеткілікті (А2, жалпыеуропалық құзыреттер) және базалықжеткілікті (В1, жалпыеруопалық құзыреттер) деңгейлерінде қалыптастыру болып табылады. Пәннің мазмұны әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және оқу-кәсіби қарым-қатынас орталарын интеграциялау арқылы тілді меңгеру деңгейлерін сатылы түрде зерделеуді қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы негізделген ақпаратты пайдалана отырып, қазіргі заманғы проблемалардың ықтимал шешімдерін шет тілінде айта алады.деңгейіне жете алады.	10		+													
2	Қазақ (Орыс) тілі	Пәннің мақсаты - қазақ (орыс) тілін оқытудың халықаралық стандартына сай білім беру, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде және орыс тілін мәдениетаралық әрі кәсіби іс-қимыл тілі ретінде, маңыздылығы мен құндылығын арттыру, болашақ маман иесінің қазақ (орыс) тілін қоғамдық өмірдің ғылыми, әлеуметтік-мәдени, саяси салаларында қарым-қатынас құралы ретінде қолдану құзіреттілігін қалыптастыру. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы тілдің, мәдениеттің, қарым-қатынас саласы ерекшеліктеріне сәйкес жеке тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жағдайларында құзыреттілік танытады.	10		+													
3	Қазақстан тарихы	Пәннің мақсаты - Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі негізгі даму кезеңдері туралы объективті тарихи білім беру. Бағдарлама 5 тақырыптық блоктан тұрады: Ежелгі адамдар және көшпелі өркениеттің қалыптасуы, Түркі өркениеті және Ұлы дала, Жаңа дәуірдегі Қазақстан (XVIII-XX	5	+														

		ғасырдың басы), Кеңестік кезеңдегі Қазақстан, Тәуелсіз Қазақстан. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы қазіргі қазақстандық даму моделін объективті пайымдау үшін тарихи процестерге аналитикалық, аксиологиялық және сыни талдау жасау дағдыларын қолданады																
4	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Бағдарламаның мақсаты ақпараттық технологиялар арқылы ақпараттарды жіберу және жинау тәсілдерін, ақпараттарды өңдеу және сақтау, іздеу әдістері, процестерді талдау және сыни бағалау мүмкіндіктерін қалыптастыру. Пән ақпаратпен жұмыс істеу негіздерін, цифрлық технологиялар мен компьютерлік жүйелерді; бағдарламалық қамтамасыз етуді, интернет-сервистерді, АКТ-ны кәсіби және зерттеу қызметінде қолдануды; ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді және жасанды интеллект технологияларын зерттейді. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы сандық технология көмегімен әртүрлі қызметтік саласына арналған деректерді басқару және талдау құрылғыларын жасайды.	5			+												
5	Дене шынықтыру	Бағдарламаның мақсаты кәсіби қызметке даярлау үшін, болашақ еңбек қызметінде денелік жүктемелерді, жүйке-психикалық қысымдарды және жайсыз факторларды табанды өткеруге денсаулықты сақтау, нығайтуды қамтамасыз ететін студенттердің әлеуметтік-жеке тұлғалық құзыреттіліктерін және дене шынықтырудың құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеттерін қалыптастыру болып табылады. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы салауатты өмір салтын, белсенді демалыс пен бос уақытты ұйымдастыру үшін дене шынықтыру қызметінің әртүрлі формалары мен түрлерін қолданады.	8	+														

6	Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	Пәннің мақсаты - қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу контекстінде білім алушылардың әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыру. Пән мазмұны әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психология мәселелерін қамтиды, сонымен қатар заманауи қоғам дамуының іргелі негіздері ретінде инклюзия принциптері мен «Адал азамат» құндылықты бағдарларын біріктіреді. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы әлеуметтік-гуманитарлық білім мен этикалық құндылықтарды түсіндіреді, қоғамды талдаудың ғылыми әдістерін қолданып, қақтығыстарды шеше отырып, Қазақстанды жаңғырту мәселелері бойынша өз ұстанымын дәлелді түрде қорғайды.	5	+														
7	Философия	Пәннің мақсаты - білім алушыларда философияны дүниені танудың ерекше формасы ретінде түсінуді қалыптастыру және олардың болашақ кәсіби қызметі контексінде оның негізгі бөлімдері, мәселелері мен зерттеу әдістері туралы тұтас түсінік беру. Пән философияның пайда болуы мен дамуының негізгі бағыттарын, әлемді философиялық түсінудің негіздерін, адам философиясы мен құндылықтар әлемін қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы қазіргі жаһандық қоғамның өзекті мәселелеріне қатысты өзіндік адамгершілік ұстанымын негіздейді.	5	+														
Жоғары оқу орны компоненті																		
8	Экономика, кәсіпкерлік, құқық және қаржылық сауаттылық модулі (экономика және кәсіпкерліктің негіздері, құқық негіздері және	Пән нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерлік ойлауды, қаржылық жауапкершілікті, құқықтық сауаттылықты дамытуға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және заң мен тәртіп қағидаттарына адалдықты тәрбиелеуге бағытталған. Пәннің мазмұны экономика негіздерін, кәсіпкерлікті, қаржылық	5				+											

	сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, қаржылық сауаттылық негіздері)	сауаттылықты, құқықты, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы экономикалық шешімдерді тиімді қабылдау, құқықтық қорғау, қаржылық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықты сақтау дағдыларын меңгереді																
Базалық пәндер циклі Жоғары оқу орны компоненті																		
9	Мұнай мен газды өңдеу процестерін математикалық модельдеу	Пән математикалық модельдеу әдістерінің негізгі ұғымдары, химиялық-технологиялық процестерді компьютерлік модельдеу туралы білім алушылардың білімін қалыптастыруға бағытталған. Білім алушылар тепе-теңдікті (стационарлық) химиялық-технологиялық процестерді (CC-Steady State) модельдеу кезінде ChemCad пакетін қолданудың практикалық дағдыларын, технологиялық схемаларды құру әдістерін, жабдықтың параметрлерін есептеуді, мерзімді инжекция бағанасын (CC-Patch Column) пайдалануды, параметрлердің сезімталдығын талдауды, жылу балансын және процестердің оңтайлы жағдайларын қарастырады.	5					+							+		
10	Мұнай-газ саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысының негіздері	Пән білім алушыларда мұнай-газ саласында ғылыми зерттеулер жүргізудің теориялық білімі мен практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Білім алушылар ғылыми ізденістің негізгі қағидаттарын, зерттеулерді жоспарлау және жүргізу әдістерін, деректерді өңдеудің, оларды визуализациялау мен түсіндірудің заманауи тәсілдерін зерделейді; эксперименттердің нәтижелеріне талдау жүргізеді; ғылыми зерттеулерді өз бетінше орындау, есептер, жарияланымдар мен ғылыми баяндамалар дайындау үшін қажетті құзыреттерге ие болады.	3							+							

11	Мұнай-газ саласы негіздері	Пән білім алушыларда мұнай мен газды барлау, өндіру, тасымалдау және өңдеу процестері, мұнай-газ саласының негізгі техникалық және экономикалық аспектілері туралы базалық білімді қалыптастыруға бағытталған. Білім алушылардың мұнай және газ кен орындарын анықтау үшін геологиялық зерттеулермен, мұнай-газ саласындағы заманауи технологиялармен және жабдықтармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады.	5							+				+				
12	Тұрақты даму, экология және тіршілік қауіпсіздігі	Пән экономикалық даму, қоғамның әлеуметтік әл-ауқаты, қоршаған ортаны сақтау және адамның өмірі мен денсаулығын қорғау арасындағы тепетендікті қамтамасыз ету принциптері туралы жүйелі түсінікті қалыптастыруға бағытталған. Ол экология, қоршаған ортаны қорғау, тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі және тұрақты даму мәселелерін қамтиды. Пәнді игеру нәтижесінде білім алушы циркулярлы экономика жағдайында энергияны және қалдықтарды басқару міндеттерін шешу кезінде тұрақты даму, экологиялық қауіпсіздік және тіршілік әрекетінің қауіпсіздігі принциптерін қолданады	5				+						+					
13	Мұнай және газ қабатының физикасы	Пән білім алушылардың мұнай-газ қабаттарында болып жатқан физикалық процестердің заманауи көріністері туралы; қабат сұйықтықтарының негізгі физикалық ауысуы, қабат ортасының физикалық күйін бағалаудың геофизикалық әдістері, жыныс коллекторларының минералды құрамы туралы білімдерін қалыптастыруға бағытталған. Білім алушылар мұнай және газ қабатының физикалық қасиеттерін талдайды, геофизикалық зерттеулердің деректерін, қабаттағы физикалық процестерді және олардың көмірсутектерді өндіруге әсерін түсіндіреді.	4					+	+									
14	Мұнай және газ химиясы	Пән білім алушылардың химиялық процестер, мұнай және газ жүйелерін химиялық өңдеу мен өңдеудің негізгі	6					+									+	

		әдістері мен технологиялары туралы білімдерін қалыптастыруға бағытталған. Білім алушылар мұнай мен газдың химиялық қасиеттеріне талдау жүргізеді, өнімдердің құрамын анықтайды, өнімдердің сапасын жақсарту үшін химиялық әдістерді қолданады және экологиялық зардаптарды төмендету шараларын бағалайды.																
Базалық пәндер циклі Таңдау компоненті																		
15	Ұңғымаларды бұрғылау	Пән ұңғымаларды бұрғылаудың негізгі принциптері, соның ішінде кен орнын таңдау және дайындау, бұрғылау қондырғыларының түрлері, геологиялық құрылымы мен ұңғыма жағдайларының ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыруға бағытталған. Білім алушылар ұңғымаларды бұрғылау әдістерін, бұрғылау процесінде пайдаланылатын бұрғылау жабдықтарының техникалық сипаттамаларын пайдаланады, сондай-ақ бұрғылау жұмыстарын жүргізу және ұңғымаларды пайдалану кезінде алаңда қауіпсіздік шараларын сақтайды.	5											+	+			
16	Бұрғылау жабдықтары	Пән білім алушылардың ұңғымаларды бұрғылау процесінде қолданылатын жабдықты жобалаудың, пайдаланудың және қызмет көрсетудің теориялық және практикалық аспектілері туралы білімдерін қалыптастыруға бағытталған. Білім алушылар бұрғылау қондырғыларының әртүрлі түрлерін, олардың конструктивтік ерекшеліктерін, сондай-ақ сорғы, көтеру және қозғалтқыш жүйелерінің жұмыс принциптерін; бұрғылау жабдықтарын пайдалану кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін және бұрғылау өнімділігін арттыру үшін заманауи технологияларды тиімді пайдалануды зерделейді.	5						+					+				

17	Бұрғылау ерітінділері және оларды дайындау әдістері	Пән мұнай және газ өнеркәсібінде ұңғымаларды бұрғылау үшін пайдаланылатын бұрғылау ерітінділерін дайындаудың химиялық және физикалық аспектілерін (олардың қолданылуы мен сапасын бақылауды қоса алғанда) зерделеу бойынша білім алушылардың білімін қалыптастыруға бағытталған. Білім алушылар ұңғымаларды тиімді және қауіпсіз бұрғылауды қамтамасыз ете отырып, кен орнының геологиялық ерекшеліктеріне және ұңғыманың сипаттамаларына байланысты бұрғылау ерітіндісіне қойылатын талаптарды анықтайды.	5						+					+			
18	Жасанды интеллектке кіріспе (Minor)	Пән заманауи жасанды интеллект жүйелерінде қолданылатын негізгі ұғымдарды, әдістер мен технологияларды зерттеуге бағытталған. Курс жасанды нейрондық желілерді, машиналық оқытуды, терең оқытуды және компьютерлік көру, табиғи тілді өңдеу, робототехника және ойын өнері сияқты әртүрлі салаларда қолданылатын қолданбалы алгоритмдер мен модельдерді қарастырады. Курс аяқталғаннан кейін білім алушылар жасанды интеллект әдістерін қолдана отырып, есептерді талдауға және шешуге қабілетті.	5														+
19	Мұнай-газ кен орындарының геологиясы	Пән білім алушыларда геология және геофизика негіздерін, жер қыртысында мұнай мен газды қалыптастыруға және орналастыруға байланысты геологиялық процестер мен құрылымдарды базалық білімді қалыптастыруға бағытталған. Білім алушылар мұнай мен газдың түзілуі мен жинақталуының негізінде жатқан процестерді талдай алады, сондай-ақ мұнай мен газды барлау және өндіру әдістері мен технологияларын қолдана алады.	5												+		
20	Ұңғымаларды геофизикалық зерттеу	Пән білім алушылардың геофизикалық жабдықтармен жұмыс істеудің негізгі принциптері туралы білімдерін қалыптастыруға, деректерді түсіндіруге	5						+						+		

		және мұнай мен газ кен орындарын барлау мен игеру үшін зерттеу нәтижелерін қолдануға бағытталған. Білім алушылар ұңғымалардағы көмірсутектердің құрылымын, қасиеттерін және құрамын анықтау мақсатында геофизикалық зерттеулер нәтижесінде алынған деректерді түсіндіреді және өңдейді.															
